



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 желтоқсан  
сенбі

№96 (1798)

2021 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

#qazaqstan30

МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

### ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЫМ

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың сан ғасыр ансаған арманы. Тарихтың бүгінгі ұрпаққа берген тамаша тартуы, халқымыздың баға жетпес құндылығы. Қазақ елі көптеген толағай табыстарға тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізді. Мұны мұқым ел мойындайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ халқы талай рет тұтасымен кырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық ансары енесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды», – деген болатын.

Иә, халқымыз небір сындарлы кезеңдерді бастан өткерді. Қай дәуірде болмасын ұлттық қодын жоғалтқан емес. Еркіндік алып, еңсе тіктегелі бағдарымыз айқындала түсті.

Отыз жыл тарих үшін қас қағым сәт. Алайда осы уақыт ішінде Қазақстан қуатты мемлекетке айналып үлгерді. Шекарасын шегендеп, мемлекеттік рәміздерін айнықтады. Баскеге қабілетті төл теңгесін таралымға шығарып, экономикасы тұрақты әлеуетті әлемдік деңгейге көтерілді. Төл мәдениетінен алыстамай, рухани жаңғыруға негіз қалады. Тәуелсіз Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде тарихтың жаңа бетін ашты. Бұл сонау 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастау алған болатын. Тәуелсіздік жылдары жаңа жетістіктерге жол ашылды. Әлемдік картада Евразияның жүрегін орын алған Қазақстан әлем халқына өзін танытты. Тәуелсіздік жылдары Тәуелсіздігіміз мәңгілік болмай. Ендігі жерде бір мақсат, бір мүдде жолында арман-мақсатымызды айқындап аныбай еңбек ете беруіміз қажет.

Наркыз ӘЛІБАЙ,  
«Сыр дидары» бобекжай  
балабақшасының қызметкері

### СЕССИЯ. ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ



Жуырда қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Сессия отырысына қала әкімі Ғ.Қазантаев пен орынбасарлары, мәслихат депутаттары, қалалық дербес бөлімдердің басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияда қалалық бюджет, әлеуметтік көмек көрсетуін басқа да мәселелер қаралды.

Қалалық мәслихат хатшысы И.Құттықожаевтың төрағалығымен өткен жиында қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова хабарлама жасап, 2021-2023 жылдарға арналған қалалық бюджетке байланысты мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс білдірді. Мұнан кейін қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы К.Құрақбаева хабарлама жасады. Ол әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекітуге арналған қалалық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу жайын сөз етті.

Сессияда қаралған мәселелер қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясының бірлескен отырысында алдын-ала талқыланып анықталған және қарарға жеткізілген. Депутаттар Қызылжарма ауылдық округіне салынатын мектеп құрылысына бөлінген қаражаттың қайтарылуы, «Желтоқсан» оқинасының 35 жылдығы қарсаңында қалада қойылатын ескерткіш, бос тұрған ғимараттар мен жер телімдерінің құжаттарын заңдастырып, мемлекет меншігіне алу сынды мәселелерді көтерді.

А.АҚЫЛБЕК

### БАЙҚАУ

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы» газеті ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жас журналистер арасында Қалқабай Әбенов атындағы «Тәуелсіздік толғауы» атты байқау ұйымдастырды. Байқауға Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары демеушілік жасады.

## ӘБЕНОВ БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Шығармашылық байқаудың шарты бойынша, жас қаламгерлер – Тәуелсіздік жылдарындағы елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, ұлттаралық татулық, жалпы қоғамның бет-бейнесі туралы мақаланы зерттеп, талдап жазды.

Марапаттау рәсіміне «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев, Қ.Әбеновтің ұрпақтары және көз көрген ардагер-журналистер қатысты. Шара барысында 18 жыл бойы «Сыр бойы» газетін басқарып, журналистикада өзіндік орны бар Қ.Әбенов туралы естеліктер айтылып, бейнеролик көрсетілді.

– Бұл байқау биыл екінші рет өткізілуде. Былтыр да үздік деп танылған мақала


авторларын осы жерде марапаттаған едік. Был тағы да келдік. Алдағы уақытта шығармашылық байқауды дәстүрлі түрде жалғасады деген ойдамыз. Айта кету керек, келесі жылы Қалақабай Әбеновтің 100 жылдығын үлкен көлемде атап өтуді жоспарлап отырмыз. Сол шараны сіз болып, біз болып, жоғары деңгейде өткізейік, – деді Қ.Әбеновтің інісі Қожахмет Мырзаев.

Арнайы бекітілген әділ қазылардың таңдауы бойынша, газет саласынан I-орынды облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Мөлдір Қалымбет иленсе, II-орын «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Еркін Шәмшидин бұйырды. Ал телеарна бағыты бойынша I-орынды «24

KZ» телеарнасының тілшісі Рауан Мыңбай лайық деп танылса, II-орынмен «Qyzylorda» телеарнасының редакторы Жаная Тілеу марапатталды. Сондай-ақ заман талабына сай, блогерлік қырымен танылып жүрген Карим Валиевтің мақаласы I-орынға лайық деп танылса, Тогжан Қарабала II-орынды иеленді. Шығармашылық байқауда үздік шыққан жас журналистер бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Кеш соңында Қ.Әбеновтің ұрпақтары әкесінің көзін көріп, бірге қызмет істеген ардагер журналистерге құрмет көрсетіп, шапан жапты.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ  
Суретті түсірген: Н.НҮРЖАУБАЙ



### «ОМИКРОН» қайдан шықты?

Соңғы кезде жер-жапанға жайылып, адамзатты көктей солдырған коронавирус індетінің беті бері қарап, халық мамыражай өмірін қайта бастағандай күй кешіп еді. Алайда соңғы ақпарат бойынша, шетелдіктерге вирустың жаңа түрі қайта қауіп төңдіре бастады. Әлемді «Омикрон» штамы толғандырып отыр

2 БЕТТЕ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

### «ОМИКРОН» ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Оңтүстік Африкада коронавирустың жаңа штамы таралғаны туралы ақпарат шыққан сәттен-ақ әлем ғалымдары зерттеу жұмыстарына кірісті. Олар жаңа штамның ауру белгілерін, залал келтіру күшін және қауіптілігін анықтауды мақсат тұтып отыр. Осы орайда CNN арнасының тілшісі Мэтти Фокс «омикрон» штамын зерттеу аясында жүріп жатқан жұмыс легі туралы «Омикронның қауіптілігін анықтау үшін ғалымдарға бір апта қажет» атты мақаласында жазды.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа штамның пайда болғанын ести сала зерттеу жұмыстарын бастап, вирустың генетикалық өзгеріске ұшырағанын анықтаған және оған «Omicron» штамы деген атау берген.

Вирустың жаңа штамдары өзара ұқсас болғанымен, осы кезге дейін аса қауіпті саналып келген «Дельтадан» жаңадан тараған «Омикронның» қаншалықты қауіпті екенін деп басып айта алмай отыр. Оны анықтау үшін ғалымдарға кем дегенде бір апта уақыт қажет.

Мақалада жазылғандай, зерттеушілер ең алдымен әлемдегі ахуалды бағалайды. Сонан соң жаңа штамды вирусты жұқтырған науқастардың денсаулық жағдайы зерттеуге алынады, вирус геномдары тізбектеліп оған «Омикронның» қатыстылығы анықталмақ.

Одан бөлек вирустың симтомдарының әсері, ағзаға келтіретін әсерінің ауыр зардапқа әкелмеуін, толықтай вакциналанған адамның ағзасымен араластырып, яғни Ботсвана мен Эсватиниде жүргізіп жатырмыз. Бұл бізге жаңа штам туралы ақпаратты кеңірек жинақтап, оған қарсы вакцина жасауға септігін тигізбек», – дейді вакцина шығарушы компанияның өкілі.

Вакцина жасап шығарушылар бұл зерттеу жұмыстары кезінде де алғашқы кезеңде әдістерді қолдануда. Яғни ерікті түрде вакциналанған, жақын арада вирустан жазылып шыққан және жаңа штам жұқтырған науқастардың қанын араластыру әдісі немесе лабораторияда жасап шығарылған псевдо-вирусқа вакцинадағы ақуыздардың қарсы тұруы зерттеледі.

«Pfizer» және оның серіктесі «BioNTech», «Moderna» және «Johnson & Johnson» мұндай зерттеу жұмыстарын бастағанын мәлімдеген.

«Компания «Омикрон» нұсқасына қарсы нейтрализациялаушы белсенділікті табу үшін аяқталған және жалғасып жатқан бустерлік зерттеуге қатысушылардың қарсы зерттеу», – делінген «Johnson & Johnson» компаниясының дүйсенбідегі мәлімдемесінде.

Бұл тәсіл алдымен вакцинаның адамдардың инфекциядан қорғай алатынына көз жеткізу үшін, содан олардың альфа, бета, гамма және дельта штамдарына қарсы тиімді екенін анықтау үшін қолданылды. Бұл «сертханалық шыны ыдыс» техникасы шынайы дәлелдермен үйлесімділіктен вакцинаны пайдалануға рұқсат алу үшін негіз болып табылады. Енді мұндай әдіс әлемге «омикронның» қауіптілігін дәлелдеу үшін қолданылмақ.

«Жаңа штамның қауіптілігін дәлелдеудің екі әдісі бар. Соның бірі – зертханалық тәжірибе. Ол үшін зертханада өсетін «омикрон» изоляты болуы керек, кейін оны вакциналанған адамның сарысуымен араластырып, осы вакциналанған сарысу жаңа штамды бейтараптандыратынын анықтайды. Ал вирустың ауру үшін уақыт қажет. Оны тездету біздің қолымыздан келмейді», – деп Ұлттық денсаулық институтының директоры доктор Фрэнсис Коллинз дүйсенбіде CNN-ге берген пікірінде айтқан.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Covid-19 бөлімінің техникалық директоры Мария Ван Керхове вирустың «қорын көбейту» үшін біраз уақыт қажет екенін айтты. «Біз бұған шамамен екі-төрт апта қажет деп ойлаймыз», – дейді ол.

Ұлттық аллергия және жұқпалы аурулар институтының директоры, доктор Энтони Фауки сөйсенбіде екі тәсілді атап өткен.

«Сіз вирус алып өңірестің немесе оны псевдовирус деп атағанды өзгертілген пішініне айналдырасыз. Мұны істенде, сіз реконвалесцентті плазманы, моноклональды антиденелерді және сарысу мен антиденелерді ала аласыз. Бұл сізге иммунитеттен болуы деңгейі туралы жақсы түсінік береді. Бұл процесс вирустың қаншалықты жақсы өсетініне байланысты екі апта немесе одан да көп уақытты алуы мүмкін», – делі ол Ақ үйде коронавирусқа вакцина жасауға байланысты өткен брифингте.

Қазіргі FDA комиссары, доктор Джанет Вудкок сөйсенбіде жасаған мәлімдемесінде агенттік жаңа нұсқаның кез келген ықтимал әсерлерін жою үшін медициналық өнім шығарушы компаниялармен жұмыс істеп жатқанын айтқан.

«Тарихи тұрғыдан алғанда, генетикалық ақпарат пен нұсқаларды алу үшін уақыт қажет, содан кейін олардың әсерін бағалау үшін тестілеуден өту керек. Дегенмен бұл бұл жұмыстың басым бөлігі алдағы аптада аяқталады деп сенеміз», – дейді Вудкок.

4 БЕТТЕ

«Ақмешіт-ақпарат»

# «TEN QOGAM» ТАРТУУЫ

3-желтоқсан мүмкіндігі шектеулі азаматтардың халықаралық күні. Бұл Біріккен ұлттар ұйымының ұйғарымымен 1992 жылдан бастап атап өтіледі. Мақсаты – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын сақтау, әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша назар аудару. Атаулы күнге орай «Ten qogam» әлеуметтік орталығы арнайы шара ұйымдастырды.

Қала әкімінің қолдауымен қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі мен «Алтай-Бөбек» қайырымдылық қоры және «Жылы жүрек» жастар қоғамдық қорының бірлесіп ұйымдастыруымен өткізілген шараға өмірлік қиын жағдайда қалған ерекше азаматтар қатысты.

Шараның ашылуында қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева сөз сөйлеп, ізгі лебізін білдірді.

– Бұл күн жыл сайын аталып өтеді. Оған облыс орталығындағы он мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі азамат шақырылады. Сіздер әрқашан да қоғаммен тығыз байланыстасыздар. Өздеріңізге арналып «Ten qogam» әлеуметтік орталығы ашылды. Бұл жерде кез келген уақытта құқықтық кеңес алуға, рухани демалуға мүмкіндіктеріңіз бар. Сіздерге деген айрықша қамқорлық пен риясыз қолдау жүйелі түрде жалғасын таба береді. Еліміз аман, деніміз сау болсын, – деді бөлім басшысы.

Шара қорытындысында «Тең қоғам» әлеуметтік орталығының жетекшісі Марат Жайылханұлы бірқатар өнерпазды арнайы алғыс хатпен марапаттады. Олардың қатарында Айша Айтманбетова, Мұрат Ізбенбетов, Ақмарал Әлжанова, Кенжегүл Махамбетова, Рая Ахметова, Гауһар Оразалиева, Тамара Ақманбетовалар



бар. Шынайы көңіл, жайдары жүз, ыстық ықылас мұндағы әрбір адамның дидарынан айқын сезіліп тұрды. Ол өздеріне деген ішкі сенім мен елге деген ерекше ілтипаты болатын.

Атаулы күн қарсаңында арнайы дастархан жайып, құрмет көрсеткендері үшін

мұнда келушілер алғаусыз алғыстарын айтып жатты.

– Біреудің көмегіне зәру кембағұл жандарға құрметтің қай түрі де артық етпейді. Біздің әрбір басқосуымызда бүгінгі тыныс-тіршілігіміз сараланып, алдағы жоспарымыз айқындалады. «Тең қоғам»

орталығына мүмкіндігі шектеулі азаматтар көптеп келеді. Ортақ тіл табысып, әңгімелесеміз. Бізге осындай мүмкіндіктер беріп, бәрінен қолдауларын көрсетіп жатқан ел ағаларына ризашылығымызды жеткізіміз келеді, – деді Рая Ахметова

Ашылғанына аз уақыт болса да «Тең қоғам» әлеуметтік орталығы өткізіп жатқан шаралар мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен қолдау болып отыр. Оның ішінде семинар-тренингтер, спорттық жарыстар салауаттылыққа тәрбиелеп, сауықтыруға бағыттайды. Бұл жылы соның дәріпті жалғасындай. Кездесу барысында қалалық «Мүгедектер» қоғамының жетекшісі Сәкен Алдашбаев, «Жылы жүрек» жастар қоғамдық қорының жетекшісі Сағатбек Қуанышбайұлы жылы лебіздерін білдіріп, мерекелік құтықтауларын жеткізді.

Иә, өмір болған сон түрлі тағдырдың болуы да заңдылық. Тәңірден келген сынаққа төзімділік танытып, табанды күресе білу үлкен жүректілікті қажет етеді. Олар осынысымен де қай құрметке де лайықты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ  
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Қызылорда қаласының тазалығы үшін жауапты жандар қандай құрметке де лайық. Себебі олар таниан қара кешке дейін аяқтан тік жүріп, көше кезіп, қоқыс жинайды.

«Еібектің наны да тәтті» деген тәміл дәл осы жандарға арналғандай.

## ТАЗАЛЫҚ ҮШІН ТАБАН ТОЗДЫРҒАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Qosy» Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университетінің ұйымдастыруымен қала тазалығын қамтамасыз етуге тынбай еңбек етіп жүрген қызметкерлерге арналған мерекелік шара өтті.

Салтанатты кешке қала әкімінің орынбасары Б.Нұридин, Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университетінің проректоры Ж.Базартай, тазалық жанашырлары мен жастар қатысты.

Мерекелік шара барысында «Қызылорда тазалығы» ЖШС мекемесінің тазалықшыларына қала әкімінің алғысы мен естелік сыйлығы табысталды.

– Қызылорда қаласы да өзінің әлеуметтік-экономикалық өсуімен қатар, сәулеттік келбетімен, зәулім ғимараттарымен дараланады. Ал сол көркеюі мен таза болуы сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасы. Біз әрбіріміз өздеріңіздің күннің ыстығы мен қыстың суығындағы тындырмды істеріңізге басымызды иеміз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Кеш концерттік бағдарламаға ұласты

А.МЫРЗАҒАЛИ

**Экономикасы бізден әлдеқайда қуатты, медицинасы әлдеқайда мығым елдердің де талайын тізе бүктірген бұл індеттің мысы қайтар емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирустың тағы бір штамын қауіпті деп таныды. Бұл жаңалық қаржы биржаларындағы бағаны түсіріп, көптеген мемлекет шетел азаматтарының елге кіру шарттарын өзгертіп жатыр. Оның ішінде Қазақстан да бар. «Омикрон» деп аталған бұл штамм туралы дерек аз, бірақ мамандар мутацияның ауқымы елеулі дейді. Бұл штамм адам ағзасы үшін қаншалық қауіпті? Әзірге белгілі ақпаратты түсіндіріп көрелік.**

**Бүгінде АҚШ, Канада, Израиль, Австралия, Ұлыбритания, Сингапур, Малайзия Индонезия, Марокко, Жаңа Зеландия және Еуроодақ елдері халықаралық әуе рейстерін тежеді. Ал Жапония 30 қарашадан бастап шетелден келетін рейстерді мүлдем тыйып тастады. Себебі шетелдік ғалымдар бұрынғы штамдарға қарағанда мұның қауіпі бес есеге дейін жоғары болуы мүмкін деп отыр. Соған қарағанда «Омикрон» штамы «Дельтаға» қарағанда әлдеқайда жұқпалы.**

## «ОМИКРОН» қайдан шықты?

### ШТАММ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Оңтүстік Африка республикасының Инновациялар және эпидемиямен күрес орталығының ғалымдары жеке зертханалармен бірлесіп 9 қарашада алынған сынамадан SARS-CoV-2 жаңа нұсқасын анықтады. Ал 24 қарашада ОАП үкіметі бұл туралы ресми түрде хабарлады. Жаңа штаммның техникалық атауы – «B.1.1.529». Алғашқы анықталған үлгілерді GISAID базасына жүктегенде ұқсас вирус Оңтүстік Африкадан келген Гонконгтегі науқасан табылған. Оның құрамында алпыстан астам мутация бар. Мәселен, 32-сі – S ақуызда. Басқа нұсқаларға қарағанда мутация көп болғандықтан адамдар «Омикронның» тез таралуынан қауіптенуде. Осының әсерінен оның жұқпалылығы мен антиденелерге қарсыласу қабілеті жоғары болуы мүмкін. Көбінесе 20-30 жас аралығындағы азаматтарға жұғады. Одан бөлек осы штаммен ауырып шыққан азаматтарға қайта жұғу қауіпі бар.

### ЖАҢА ШТАМДЫ ПТР-ТЕСТ АНЫҚТАЙ МА?

Зертханаларға жіберілетін ПТР-тест инфекция тудыратын вирустың «Омикрон», «Дельта» және басқа да нұсқаларға ұқсастығын көрсетуі мүмкін. Алайда зертханалардың бәрінде мұндай мүмкіндік жоқ. Мәселен, Ұлыбританияның өзінде зертханалардың кейбірінде «Омикронды» анықтайтын қажет технология жоқ екен. Сондықтан басқа елдер диагностикалауда қатты қиналуы мүмкін. «Омикрон» екенін растау үшін бірнеше аптаға созылатын толық генетикалық анализ қажет.

Басы 1-бетте

### «ОМИКРОННЫҢ» БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Оңтүстік африкалық дәрігер Анжелика Кутзи науқастардың арасында жастар және де тамыр соғысы өте жиі алты жасар бала болғанын айтады. Бірақ ешбірінде иіс пен дәм сезбеу болмаған. Тағы бір дәрігер Рудо Матива ауруханаға ауырлығы орта және ауыр дәрежедегі 20-30 жастағы жастар түсіп жатқанын, олардың кейбірінде интенсивті терапия қажет екенін мәлімдеді. Вакциналау және иммунизациялау комитетінің мүшесі және профессор Адам Финн оңтүстік африкалық науқастардың белгілерін талдай отырып дәм мен иіс сезу жоғалмайтынын, бірақ шаршау, жүрек қағысының жиілеуі байқалатынын атап өтті. «Дельтаға» қарағанда «Омикрон» басқа да белгілер тудыруы мүмкін деген болжам бар. Қазіргі таңда ДДСҰ «Омикрон» симптомдары басқа нұсқалардан ерекшеленеді дегенге ешқандай дәлел жоқ екенін айтады. Сондықтан жөтел, дене қызуы, дәм мен иіс сезбеу назар аударатын әдеттегі белгілер болып қала береді.

### ЕЛДЕГІ ШЕКТЕУ ҚАНДАЙ?

Бұл штамм Қазақстанда әзір анықталған жоқ. Коронавирустың инфекцияның «Омикрон» штамының пайда болуына байланысты оны республика аумағына әкелуге жол бермеу мақсатында ведомствоаралық комиссияда 3 желтоқсаннан бастап келесі шектеу шараларын енгізу шешімі қабылданды. Атап айтсақ, Ботсвана, Лесото, Намибия, Зимбабве, Мозамбик, Мадагаскар, Эсватини, Малави, Оңтүстік Африка, Танзания және Гонконгтан шетел азаматтарының Қазақстанға келуін шектейді. «Омикрон» штамы анықталған Израиль, Чехия, Нидерланды, Бельгия,

Ұлыбритания, Италия, Германия, Австралия, Канада және Египеттен келетін адамдар үшін екпесі бар-жоғына қарамастан міндетті ПТР тестілеудің бар болуын талап етеді. Сонымен қатар «Омикрон» штамы анықталған елден келген адамдар ПТР нәтижесіне қарамастан 7 күнге үй карантиніне оқшаулануы тиіс. Сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық комитет департаменті шетелден келген азаматтар туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға уақытылы беруі керек. Египетпен әуе қатынасы уақытша тоқтайды. Сондай-ақ коронавирустық инфекция штамдарын зерттеу жұмыстары жүргізіледі.


### «ОМИКРОНҒА» ВАКЦИНАЛАР ТӨТЕП БЕРЕ АЛА МА?

Бұл – көптің көкейіндегі сұрақ. Жаңа штамм болғандықтан қолда бар вакциналардың қалай әсер ететіні жайлы зерттеу жоқ. Еурокомиссия мәліметінше, коронавирустың жаңа нұсқасын зерттеу үшін ғалымдарға шамамен үш апта уақыт қажет. Алайда «Moderna» компаниясы жаңа штаммға қарсы қуатты вакцина әзірлеуді бастап кетті. Компания сарапшыларының пікірінше, «Омикрон» мутацияларының комбинациясы вакцинадан кейін қалыптасқан иммунитетті айтарлықтай тез әлсіретеді. «Pfizer» және «BioNTech» жаңа штамм «қауіпті» деп танылса, коронавирус инфекциясына қарсы «Comirnaty» вакцинасын 100 күн ішінде «Омикронға» бейімдейді. Ал «Sinovac» компаниясы өз мамандарының «Омикрон» үлгілерін зерттеп жатқанын, қажет болса вакцина әзірлеуге дайын екенін мәлімдеді. Гамалея атындағы орталық «Спутник V» және «Спутник Лайт» вакциналарын «Омикрон» штамына бейімдеуде.

Оңтүстік Африкада ауруханалар белгілері қауіпті жастарды көптеп қабылдап жатыр. Бірақ олардың басым бөлігі вакцина алмаған, не бір дозасын ғана алғандар. Яғни ревакциналау мен екі дозасын алу Covid-19 нұсқаларынан туатын аурулардан қорғандық жақсы әдісі болып қала береді.

Қарап отырсаңыз, коронавирус індеті халықты қандай нәрсеге де дайын болуға үйретті. Осы кезге дейін коронавирус елді өбегерге түсіріп, қаншама жанды жақынынан айырды. Тіпті «Үйден шықпа», «Қонаққа барма», «Той жасама», «Науқастың көңілін сұрама», «Жаназаға барма», «Қол алып, құшақтасып амандаспа» деген сөздер күнделікті күйең тіршіліктің шындығына айналды. Ықылым заманнан қойы қоралас, ауылы аралас күн кешіп, шаңырағынан мейман үзілмеген қонақжай халқымыз үшін мұндай талапты бұлжытпай орындап, темірдей тәртіпке бас ию оңайға соқпады. Алдағы уақытта да карантин талабы артса, «Шақырған жерге барма» деген бүгінгінің «мәтелі» қайта күшіне енуі мүмкін. Себебі жау жағадан алып, жаңа штамм қою өкпені қыса түспесіне ешкім кепіл бола алмайды. Сондықтан «Сақтансаң сақтайды» деген сөзді жадымыздан шығармағанымыз абзал.

А.ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ



## ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН «QAZVAC»

Отандық «Qazvac» вакцинасына әлем бойынша сұраныс артты. Қазіргі кезде жер-жаһанның сан түрлі мемлекетінен оны өндіру жөнінде ұсыныс келіп тұрты. Соның бірі Швейцария Конфедерациясы тарапынан жасалды. Бұл мемлекет отандық екпені мемлекеттік деңгейде тіркеп, әрі қарай Еуропа, Оңтүстік Америка және Африка елдеріне тасымалдауды жоспарлауда.

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцария сапары аясында белгілі болды. Оңтүстік Африка елдерінде қайта ұшыққан вирус Еуропаны тағы қыспаққа алды. Шетелдер карантиндік шараларын қатаңдатып, Африкамен қатынасты уақытша үзе бастады. «Омикрон» штамының жұқпалы екені белгілі. Енді вакциналардың онымен күресте қаншалықты әлеуетті екенін білу міндеті тұр. Осы мәселені анықтамақ индетте ғалымдармен қатар бірқатар әлемдік саясаткер Женевадағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының штаб пәтерінде жиналды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау жүйесіндегі екі маңызды – алғашқы медициналық көмек пен денсаулық сақтау саласындағы қызметтермен халықты жаппай қамту бағыттарын біріктіру туралы ұсыныс айтты.

– Біз 2022 жылдың ортасына қарай жаһандық вакциналауды қамтамасыз ету жөніндегі ДДСҰ-ның COVID-19 індетіне қарсы стратегиясын толық қолдаймыз. Жыныда көтерілген маңызды мәселенің бірі – отандық «Qazvac» вакцинасын Швейцарияда тіркеу. Бұл – кемеі жарты жылда іске асырылатын шара. Әзірге екі тарап меморандумға қол қойды. Келешекте швейцариялық компания қазақстандық екпені осы жерде өндіріп, Оңтүстік Америка, Африка, Еуропа елдеріне тасымалдауды жоспарлап отыр. Бұл келісімнің екі елге де берері мол, – деді Президент.

Сонымен қатар Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұл Закарьяның айтуынша, біздің еліміз M3 групп деген швейцариялық компаниямен келісім-шартқа отырған. Алдағы уақытта қазақстандық алғашқы «Qazvac» вакцинасын болашақта осы Швейцарияда тіркеп, Еуропаға, Африкаға және Оңтүстік Америкаға шығару мақсатында жұмысты бірге атқармақ. Ал «M3 GROUPE» холдингінің президенті Абдалла Шатила «Qazvac» вакцинасының Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан тіркеуден өткенін күтіп отырғанын жеткізді. Тіркеуден өткен бойда іске кіріспек.

Қазір біздің ғалымдар «Qazvac»-пен бірге, вакцинаның жаңа түрін шығарып жатыр. Бүгінде екінші «QazCoVac-P» вакцинасы клиникалық зерттеулер фазасына кандидат ретінде тіркелді. Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына «QazVac» екпесінің әзірленуі және оның жаңа «Дельта» штамына қарсы сәтті модификацияланғаны жөнінде айтты. Осылайша қазақстандық вакцина өзінің тиімділігін елімізде ғана емес, Орталық Азияның басқа да мемлекеттерінде дәлелдеді.

Ақмарал ӘЛЖАБАЙ

Бұрынғы қазақтың қоғамдық-саяси басқару жүйесі тым ерек болған емес пе. Әсіресе алкалы топта сөз алып, кесім айтқан би-шешендер ұлы даланың өзіндік басқару формасын қалыптастырды. Би-шешендер от ауыз, орақ тілді, кез келген дау-дамайдың тігісін жатқызып, соңғы сөзін айта білу арқылы әр өңірдің тәртібін сақтап қана қойған жоқ, бүгін ұлттың тәуелсіздігі үшін тарихта қалар жол іздеді. Олар өз дәрежесіне қарай рушілік, руаралық, тіпті екі елдің арасындағы дауды да соғысқа жеткізбей шешіп отырған. Қазақ қоғамы да ерек құрмет көрсетіп, би сайлау, дау-дамай тәртібін қатаң сақтауға тырысқан. Әр жүзден сенім артқан билер тағайындалып, жүйе күшейген. Мәселен, Ұлы жүзге – үйсін Төле би, Орта жүзге – қаз дауысты Қазбек би, Кіші жүзге – Әйтеке бидің би болғаны тарихтан аян.

Сол сәтте бимен бірге ортақ пір сайлау үрдісі де зор маңызға ие болған деседі. Деректерде үш би (Төле би, Қазбек би, Әйтеке би) халықты билеп, жөн айтқан шақта ақылдасып, пір тағайындауды ойға алады. Пікірлесе келе әр би өз өңіріне барып, пір болуға лайықты тұлғаны таңдап, сынаққа әкелуге уағдаласыпты.

Сондай таңдауды Әйтеке би де жасаған көрінеді. Халық аузында сақталған аңызда ол ел аралап, әулие-көріпкел адамды іздеуге кіріседі. Кезекті сапарында түркімендегі жоғарғы діни оқу орнына барып, оқытушы ғұламамен кеңеседі. Әйтеке би ұстаздан «Білім алушы шәкірттер арасында пір болуға лайықты бала бар ма?» деп сұрайды. Ғұлама ұзақ ойланып: «Мен осы балалардың кейде әулиелігін, көріпкелдігін, оқу дәрежесін бақылаймын. Байқағаным, шәкірттердің ішінде кішкене ақсары бала басымдау. Бір күні оқу арасында үзіліске шыққанда кіреберіс есік астына Құранды билдірмей көміп қойдым. Балалар есіктен жапатармағай кіріп жатқанда әлгі бала кірмей, есік алдында тұрып қалды. Сен неге кірмейсің дегенімде: «Таксыр, ана көмгеніңізде алсаңыз кіремің» деді. Сол кезде шәкірттерге көрсетіп Құранды алып: «Міне, көрдіңдер ғой!» дедім. Мұның қастанды болмауы үшін әрі білім таластық болмауы үшін жасаған әрекетім еді.

Бұл жалғыз мысал емес. Тағы бірде сабақ біткеннен кейін балаларға: «Ертең сабаққа келерде бір-бір тауықтан бауыздап әкеліңдер» деп тапсырма бердім. Келер күні шәкірттердің бәрі бір-бір тауықтан бауыздап әкелгенде әлгі бала тауықты бауыздамай әкелді. Мен одан: «Сен неге тапсырманы орындамадың?» деп сұрағанымда маған жапа жауап қайтарды. Ол: «Бұл мүсәпірді бауыздайын деп барғанымда көзінен қан мен жас бірдей ағып тұр екен. Сол себепті бауыздамай әкелдім» деді. Сондықтан

## ҮШ ЖҮЗГЕ ПІР БОЛҒАН МҮСІРӘЛІ СОПЫ-ӘЗІЗ

сіз іздеген адам осы бала болар. Әулиелігі де, көріпкелдігі де ғажап» дейді ғұлама Әйтеке биге. Әйтеке би келісіп, әлгі баланы ертіп әкеткен екен. Кейіннен ғұлама айтқан ақсары шәкірт үш жүзге пір болған Мүсірәлі атанып, Алашка аты шыққан деседі аңыз сөзі.

Мүсірәлі бабаның үш жүзге пір болуы да аңызға бергісіз деректерге толы. Ұзын-ыргасы былай. Әйтеке би Мүсірәлі Сопы-Әзиз бабаны үш бидің белгілеген уақытында Көңтөбедегі пір сайысына апарды. Сайысқа келген ұлы жүз, орта жүздің үміткерлері қойылған сауалдарға жауап бере алмай,

**Би-шешендер от ауыз, орақ тілді, кез келген дау-дамайдың тігісін жатқызып, соңғы сөзін айта білу арқылы әр өңірдің тәртібін сақтап қана қойған жоқ, бүгін ұлттың тәуелсіздігі үшін тарихта қалар жол іздеді. Олар өз дәрежесіне қарай рушілік, руаралық, тіпті екі елдің арасындағы дауды да соғысқа жеткізбей шешіп отырған. Қазақ қоғамы да ерек құрмет көрсетіп, би сайлау, дау-дамай тәртібін қатаң сақтауға тырысқан. Әр жүзден сенім артқан билер тағайындалып, жүйе күшейген. Мәселен, Ұлы жүзге – үйсін Төле би, Орта жүзге – қаз дауысты Қазбек би, Кіші жүзге – Әйтеке бидің би болғаны тарихтан аян.**



жатқан отқа түсіп кетеді. Жұртшылық күдер үзіп, абыраған шақта екеуі де оттан аман-есен шыға келеді. Жылғы халық дүрлігіп қалады. Жалынның ортасынан киіміне де, өздеріне де зақым келмей сау шыққан әулиелерге халық тағалысыпты. Тек жожа Ер-Сейтпенбеттің шапанының шегі күйген деседі. Сонда жылынған қауым: «Мына Мүсірәлінің киімінде, не өзінде дақ жоқ, сенің шапаныңның шалғайы

неге күйді?» деп сауал тасатайды. Сонда Ер-Сейтпенбет: «Кішкентай нәрестенің дәрегі тиіп еді. Нәресте деп жуған жоқ едім» деп жауап қайтарған екен.

Бұдан әрі пікірталас жалғасып, сайыс барысында қос әулиенің көріпкелдігін сынауға көшеді. Тууға жақындаған сиырды әкеліп: «Мына малдың ішіндегі бұзауы қандай екенін болжаңыздар» деп талап қояды. Ер-Сейтпенбет бабамыз: «Қаратөбел ұрғашы» деп жауап берсе, Мүсірәлі Сопы-Әзиз баба:

«Бұл бұзау ұрғашы, бірақ қаратөбел емес. Ақ құйрықты қара бұзау, құйрығы маңдайында жатыр» деп болжапты. Деру сиырдың шабын жарып, бұзауды алса, Мүсірәлі Сопы-Әзиз бабаның болжамымен бірдей болып шығады. Осылайша дарынына қуа болған жұрт оны пір сайлапты.

Халық пір енді қай жүзде қоныстану керек деген сауалға жауап іздейді. Билер де бір

тоқтамаға келе алмайды. Сонда Мүсірәлі бала: «Сіздерге пәтуа айтайын» деп рұқсат сұрайды. «Мен – біреуім, сіздер – үшеу. Сіздер мені үшке бөлгенде не болады? Одан кешке далаға жатып, төрт атты бекітіп жайылымға жіберейік. Таңертең төртеуіміз бірге атқа барғанда менің атым қайсысының атыңызбен бірге жүрсе, соған барайын» депті. Барлығы пірдің қалауымен орындалып, таңертең аттарға барса, бабаның аты Әйтеке бидің атымен қосылып тұр екен. Осылайша Әйтеке би мен Мүсірәлі Сопы-Әзиз бірге орылапты.

Осы орайдан Мүсірәлі Сопы-Әзиздің тарихи оқиғалардағы маңызы ролін айтпай кетпесек болмас. Сондай іргелі істің бірі қалмақпен соғыста болған. Қазақ жеріне қалмақпен бірігіп, Қоқан хандығы шабуыл жасап, зәбір көрсеткенде былайғы жұрт амал қыла алмапты. Сол сәтте Әбілқайыр хан қалмақ пен қоканнан құтылудың жолын нұсқап, елге ақыл салған екен. Қазақтың ержүрек батырлары әскер жайын қамдап, қалмақ пен қокан хандықтарына қарсы соғысуға дайындалады. Сонда қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, бағаналы Тауасар, Уақ, Баян батыр бастаған басқа да батырлар Әбілқайыр ханға: «Талай осы қалмаққа шабуыл жасадық, бірақ тойтарыс беріп жеңе алмадық. Осы жолы піріміз Мүсірәлі Сопы-Әзизден бата алайық» деп ұсыныс айтады. Айтылған ақылды жөн көріп, Әбілқайыр хан қиынған әскерімен қалмақ пен қокан хандығына шабуылға баратынын айтып, Мүсірәлі Сопы-Әзизден бата сұрайды. Сонда Мүсірәлі Сопы-Әзиз әулие: «Е, Алла, жорыққа жолдарың болсын! Жауларын құлдарың болсын, пірлерің жандарың болсын, Алла Тағала әумін десін!» деп бата берген екен. Сол жолы қазақ әскері қалмақ пен қоканды қырып, елін шауып, жанын, малын олжалап қайтқан екен.

Тағы бірде Әбілқайыр әскері Әмударияның Супхандария деген тұсына келсе бұрқанып, екі бетін су шайып жатқан көрінеді. Өтуге мүмкіндік болмай, Әбілқайыр хан: «Е, піріміз Мүсірәлі, қиналдық, өзің көмектес, жұр бол!» деп медет сұраған екен. Сол кезде бұрқырап жатқан дария екіге бөлініп, жол ашылған көрінеді. Бар әскер, мал-жан аман өткеннен кейін дария бұрынғы долданған қалпымен ағып кеткен деседі.

Әзірлеген С.ЖҰМАДІЛДАЕВ

## ҚАРИЯДА ӨСИЕТ БОЛМАСА, ҰРПАҚТА ҚАСИЕТ БОЛМАС

Баяғыда даналарымыз айтқан еткен: «Көп өмір сүргеннен емес, көпті көргеннен сұра» деп. Қашанда ел арасында көкірегі ояу, есте сақтау қабілеті өте жоғары, елгеzek жандар бары анық. Ондай адамдар ауызша айтқан шешендік сөздерді, дастан мен қиссаларды үш-төрт тыңдағаннан-ақ жадына сақтап алады. Олар естіген даналық сөздерін жазып жеткізгеннен гөрі, ауызбен айтып жеткізгенді жақсы көреді. Біздің әдебиетіміздегі ертегі әңгімелер мен дастандар, толғаулар осылай ауыз-екі арқылы халыққа жеткені шындық. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Бұндай жандар бүгінде ел ішінде көп болмаса да табылады. Жақында облыс орталығында мектеп оқушылары арасында өткен «Ер Едіге» жырын жаттау байқауы осы сөзіміздің дәлеліндей десек болады. Міне, бұл рухтық тәрбиенің нағыз қайнар көзі. Жастар санасын патриоттыққа тәрбиелеп, елін, жерін, топырағын, ауасын, суын, табиғатын, Отанын сүйуге баулып, рухани деңгейі беру осы емес пе? Бұл шара енді тоқтап қалмай, ай-сыйын әр сынып арасында қолға алып, мектепшілік сайыстар ұйымдастырып, табиғатынан талантты оқушыларды молдап тартып, басқа да қиссаларды айтқызып, оларды қызықтыра түсіп, таланттарын аша түсу қажет деп ойлаймыз.

Бір өкініштісі, беріліп жатқан ас пен тойда бүгінгі қарттар аузынан осы жастарға үлгі болатындай бабалардың өсиеттері естіле бермейді. Зәулім сарайларда өтіп жүрген асқа бара қалсаңыз, өлген жанды еске алуы кілең көріме мақтаудан тұрады. Ал ол кісінің ерекшелігі, даналығы, парасаттығы, көрегендігі, азаматтығы, қайырымдылық қасиеті, адамдарға деген адалдығы, ұрпаққа қалдырған өсиеті, істегі тапқырлығы, тура айтқан сөздері, өмірде көрген қиындығы көп жағдайда айтылмайды. Мақтаған дұрыс, алайда жөнімен, орнымен болса еш сөкеттігі жоқ. Адам негізі адал ісімен, жұртқа жасаған жақсылығымен ел есінде қалады.

Қалада мейрамханың бірінде әулетіне сыйлы адамға ас беріліп жатты. Сол өтіп жатқан аста балалық кезінде бірге өсіп, бірге оқыған ақсақалға сөз берілді. Сөз алған ағамыз жұртқа қарап: «Біз Құлтекемен бірге оқыдық. Ол елдің азаматы атанды, қатар оқығандардың алды болды. Аман не, бүгін оның жылдық асына жиналып отырмыз. Дана Абай: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деген екен. Байқасам, шынымен дүние орнында тұр. Ол бұрынғыдай көрінетін секілді, бірақ олай емес екен. Құлтан құрдақ кең дүниеден өтті, мәңгілік мекенге жетті. Ажал желі соқты, інілерге аға боп кетті. Өтер пенде осылай мезетпенен, дүние кезек деген. Баяғыда бір жігіт әкесіне көрген түсін айтты. «Түнде түсімде таудың етегінде ұшып жүр екем. Қарасам, етектегі жасыл желекте отырған адамдардың бәрі аппақ киімді. Олардың бірі жылап, бірі күліп отыр екен. Оданда биікке қарай өрлей көтерілсем, ондағы адамдардың бәрі маз-майрам, қазан асылып көгалдың үстінде билеп жатыр. Одан әрі көтерілсем тау басынан төмен қарай ағылып келе жатқан бірі атты, бірі жаяу жұртты көрдім» депті әкесіне қарап.

Сонда әкесі тұрып: «Е, балам, түсімде о дүниелік жандарды көріңсің. Өте жақсы түс көріңсің. Бибі Фатима ананың жорыған түсі дейін. Тірілігінде елге би болады екенсің, балам. Әумин! Балам мынаны ұмытпа: «Ақымақ бала – өзім болдым, өзім толдым дер, ақымақ келін – өзім келдім, өзім қайын-жұртты жеңім дер» осыны есінде сақта! Таудың етегінде бірінші көрген ақ киімді жандар өлі аруақтар еді. Олардың бірі жылап, бірі күліп отырғандары бейшені күні



үйлеріне келіп құран дәметкендер. Жылағандардың ұрпақтары «ертең оқытармын» деп ұмытып ісбасты болып кеткендер, немесе артында құран бағыштар жанның болмағаны. Ал күліп отырғандар ұрпақтарынан дұғаны қабыл алып риза болғандар. Одан кейінгі көргені олардың бәріне бата бағышталғандар. Олар артында қалған ұрпақтарына салауат айтып, билеп жатыр. Үшінші көргенің, олар бейшенбілік садақаның ішінде болу мақсатында оқылар дұғадан енді дәметіп келе жатқан жаңа қайтыс болған жандар» деген екен. Білсеңіздер, біздерден аруақтарға бала – өзім болдым, өзім толдым дер, ақымақ келін – өзім келдім, өзім қайын-жұртты жеңім дер» осыны есінде сақта! Таудың етегінде бірінші көрген ақ киімді жандар өлі аруақтар еді. Олардың бірі жылап, бірі күліп отырғандары бейшені күні

өсиетті жоғары ұстап, әкелерінің мерейін өсіріп, рухын ардақтап, құрметтеп ас беріп жатсаңдар, айналайындар! Бақыттың абатында, қайырымды істің қабатында, әрдайым жақсының санатында болыңдар! – деді ақсақал сөз соңында. Асқа келушілер тым-тырыс. Әшейінде стол басы айтылатын пыш-пыш әңгімелер сап тивылған. Шынында, бір сарынды қайталау жауыр сөздерден мына өсиетті сөз керемет болды. «Мына кімі көпті көрген жан екен. Кезінде қызмет атқарған-ау» деп қалды стол басында отырған ағайынның бірі. – Бұл кісі ұзақ жыл шопыр болған, Зейнетке ағамыз. Зейнетке шығар алдында ғана денсаулығына байланысты 4-5 жылдай шаруашылықта бригада механигі болды. Содан зейнетке шықты. Қазір жасы сексенненасты. Өте зерек адам. Бұрын қысаларды ауызекі жатқа айтатын,

бір қызығы домбыра шертпейді. Енді қазір үлкейіп қалды ғой. Кезінде баян аспабының сүйемелдеуімен ән айтқан. Бүкілодақтық байқауларға қатысып лауреат атанған» деді жанымызда отырған жігіт ағасы. «Ол кісі көсем сөздерді көп біледі. Ауылда құдайы-тойда дастархан басында даналардың шешендік сөздерін үнемі жастарға айтып отырады» дей бергенде әлгі жігітті шақырып алып кетті.

Қашанда ас пен тойда жастарға айтылатын тілектер мен еске алу сөздердің өсиеті мол болу керек. Өйткені нақылды сөзді бас қосқан жастар естеріне сақтап қалса, ал өлгендердің тірлікте істеген жақсылықтары мен өсиет сөздері айтылса, пейіште нұрға бөлենеді деген. Сол үшін бүгінгі қариялар жастарға бабадан қалған даналық, шешенік сөздерін насихаттап айтып отырса, оны тыңдаған бүгінгі жастар да иманды, ибалы болуға бет бұра бастары анық. Жасыратыны жоқ, кейбір оқыған сыйлы деген қариялардың көбі орысша қосып білетін секілді. Ондай үлкен кісілерден не үлгі, не парасат күтесіз?

Ертеректе Сарыарқа өңірінде Қайып деген кісі өмір сүріпті. Өзі ақын, өзі батыр екен. Бір күні орыстың бір старшыны оны орысшалап боқтаса керек. Орысшадан біршама хабары бар Қайып оны дырау қамшысымен тартып жіберіп: «Орысшаны жалғыз сен бе білетің, Патша ағзамның итісің ғой үретің, Кім екенің білмейсің ғой қазактың, Бұдан былай жайыңа жүретің бол» депті де алға шауып кетті. Міне, қазақтың мінезін, өрлігін, қайратын таныта білген Қайыпты Арқа жұрты қатты сыйлаған деседі. Өзге ұлт үшін ол сабақ болғаны анық. Тәрбиенің өзі дұрыс сөйлеуден, дұрыс айтудан бастау,

дұрыс жүруден бастау алады. Бүгінгі үлкен кісілердің көңілі қазіргі жастарға тола бермейді. Бұл – бұрыннан қалыптасқан. Біздің алдымызда өтіп кеткен аталарымыздың өзі бүгінгі көкелерімізге көңілі толмаған. Бірақ олар ұрпақ тәрбиесіне қатты қараған. Ұрып-соғып емес, аталы сөзбен, баталы сөзбен тәрбиеленген.

Бұрындары үлкен кісілерге қос қолдап амандаса қалсаң: «Айналайын, бақытты бол!» дейтін. Сосын барып оң қолын маңдайына көлеңкелей қойып: «Кімнің баласысың?» деп сұрайтын. Кімнің баласы екеніңді білсе, сәлем бергеніңе маз болып «батасың» беретін. Қазіргі қарияларға амандаса қалсаң, үн жоқ, қолын береді де қоя салады. Сонда сәлем берген жанға деген ризалық қайда? Шарияғаттың өзінде де сәлемшіге «Сағанда Алланың нұры жаусын» деген ризалық жауап бар ғой. Бұны бүгінгіңіз қарттары білсе де, білгенін айтуға ерінетін сияқты. Сәлемге ризалық жауап қайтару да парыз. Өлде көзі қарақты көкелерде көкіректік басым ба? Сәлем беру де, оған жауап қату да тәрбиенің бір тіні екенін ұмытпаған жөн. «Жақсы сөз – жаңға азық» деген. Бүгінгі үлкендеріміз үлгілі жолдан жаңылмаса екен дейміз. Сол үлкендікті алып жүре білу де үлкен сын. Сондықтан бүгінгі жастар санасына бабаларымыздың қалдырған шешендік, даналық әңгімелерін айтып жеткізе алмасақ, айтар өсиеті сен бе білетің, Патша ағзамның итісің ғой үретің, Кім екенің білмейсің ғой қазактың, Бұдан былай жайыңа жүретің бол» депті де алға шауып кетті. Міне, қазақтың мінезін, өрлігін, қайратын таныта білген Қайыпты Арқа жұрты қатты сыйлаған деседі. Өзге ұлт үшін ол сабақ болғаны анық. Тәрбиенің өзі дұрыс сөйлеуден, дұрыс айтудан бастау,

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,  
ардагер-журналист

